

FTAXP 06.77.97:
ӘОЖ 331.52
JEL E 24

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-1-116-129>

К.С. АЛПЫСБАЕВ,*¹

PhD.

*e-mail: alpysbayev_kuan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-2644-2651

А.А. МУХАМАДИЕВА,²

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: ai-m77@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3775-1863

А.К. ОРАЗГАЛИЕВА,³

PhD, қауымдастырылған профессор.

e-mail: arailymk78@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4601-3865

¹«Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ,

Алматы қ., Қазақстан

²Қазақстан-Американдық еркін университет,

Өскемен қ., Қазақстан

³«Семей қаласының Шәкәрім

атындағы университеті» КеАҚ

Семей қ., Қазақстан

АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДАҒЫ КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТ: ГЕНДЕРЛІК АСПЕКТ

Андатпа

Қазақстан Республикасының аграрлық секторы ел экономикасының маңызды саласы ретінде халықтың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұлттық қауіпсіздік жүйесінің негізгі элементі болып табылады. Қазіргі таңда аграрлық секторда орын алған күрделі мәселелер көп. Ауылды аймақтардағы тұрғылықты халық қалаларға көшуге ынталы. Оған бірден-бір себеп, ауыл халқының өмір сүру сапасының және ауылды жерлердегі инфрақұрылымның төмендігі, ауыл жастары тарапынан аграрлық сектордағы еңбек нарығының қатысушысы болуға деген төменгі деңгейдегі қызығушылық, ауылды аймақтардағы кадрлардың еңбекақы деңгейі мәселесі және т.с.с. Аталған құрылымдық проблемалар аграрлық сектордың ел экономикасына қатысты қайтарымдылық көрсеткішінің төмендеуіне әкеліп соқты. Өз кезегінде аграрлық сектордағы еңбек өнімділігін арттырудың бірден бір жолы ауылды аймақтардағы кадрлар әлеуетін арттыруға бағытталған мақсатты іс-шараларды жүзеге асыру қажет деп есептейміз. Технологиялық прогресс дәуірінде өмір сүргенімізге қарамастан, еңбек нарығының негізгі элементі еңбек ресурстары болып табылады. Мақаланың мақсаты – аграрлық сектордағы кадрлар әлеуетіне гендерлік тұрғыдан баға беру болып табылады. Еңбек нарығындағы кадрлар әлеуетінің құрлымына назар салатын болсақ, ауылды аймақтардағы өндірістердің басым бөлігінде ер азаматтары жұмыс істеуде. Оған себеп – ауыл шаруашылығының өндірістік саласының спецификалық ерекшеліктері (жұмыс процесінің жоғары еңбек сыйымдылығы, нормаланбаған жұмыс кестелері және т.б.). Алайда, қазіргі таңда аграрлық сектордағы өндірістік кәсіпорындардың басқарушылық персоналы ретінде немесе тікелей аграрлық өнімді өндірумен байланысты емес қызмет түрлерімен айналысатын әйелдер санының төменгі тенденциясы да байқалуда.

Тірек сөздер: экономика, аграрлық сектор, кадрлық әлеует, еңбек ресурстары, гендерлік баланс.

Кіріспе

Әйелдер мен ерлер ауыл шаруашылық тауарлары саудасының кенеюі мен ауыл шаруашылығына салынатын инвестиция ауқымының ұлғаюынан бірдей пайда көрмейді. Ауыл шаруашылығындағы гендерлік теңсіздік 21 ғасырда да сақталады және әдетте, сауда және шетелдік

инвестициялармен шиеленіседі. Ауыл шаруашылығындағы гендерлік теңсіздікті сипаттайтын бес аспектіні ажыратады: жер құқығы, өндірістік ресурстар, ақысыз еңбек, жұмыспен қамту және шешім қабылдау [1]. Гендерлік теңсіздік мәселесін шешу ауыл шаруашылығында тұрақтылыққа қол жеткізу үшін қажет. Теңсіздіктің жоғары деңгейі өнімділікті арттыруды және кедейлік пен аштықты азайтуды қиындатады. Гендерлік теңсіздік көптеген өлшемдер бойынша ауыл шаруашылығының тұрақты даму жолындағы прогреске кері әсерін тигізеді [2].

Тұрақты азық-түлік жүйелері тұрақты және жүйелі түрде дамитын ауыл шаруашылығын қажет етеді. Ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған халықаралық стратегиялық бағдарламаларда тұрақты ауыл шаруашылығы биліктің гендерлік қатынастарына назар аударуды қажет ететіндігі ерекше аталып өтуде. Бұрын гендерлік теңсіздік инклюзивті, тұрақты азық-түлік жүйелерін дамытуға үлкен кедергі болды және бүгінгі күнге дейін солай болып қала беруде [3].

Қазіргі уақытта еңбек нарығындағы әйелдердің үлес салмағы өткен кезеңдермен салыстырғанда жоғары болуына қарамастан, еңбек нарығында әйелдер мен ерлер әртүрлі жұмыс түрлерімен айналысуда. Жұмыс күшінің құрамына әрбір жыныс өкілдерінің кемінде 40% кіретін жұмыстармен айналысатын бес қызметкердің кемінде біреуі кіреді. Әйелдердің жанұямен байланысты міндеттерінің ерлермен салыстырғанда жоғары болуы салдарынан, олар сыртқы еңбек нарығына шығу жолында да ерлерге қарағанда көптеген кедергілерге тап болады [4]. Әйелдердің жұмыспен қамтылу деңгейінің өсуі негізінен әйелдер басым болатын жұмыс орындарында байқалады. Аталған салалар қатарына соңғы екі ұрпақ ішінде жұмыспен қамтудың өсу қарқыны жоғары болып келген көптеген секторлар кіреді және аталған секторларда демографиялық өзгерістерге байланысты алдағы жылдары сұраныс қарқынының өсуінің ықтималдығы жоғары болады.

Материалдар мен әдістер

Еңбек нарығын реттеу тиімділік пен теңдік мақсаттарын үйлестіру үшін қажетті институционалдық трансформациялау процесінде маңызды рөл атқарады [5]. Өз кезегінде экономикалық өзгерістер кезінде еңбек нарығындағы ерлер мен әйелдердің әртүрлі нәтижелерін түсіну гендерлік тепе-теңдікке оң әсер етеді [6]. Жаһандық деңгейде де, аймақтық деңгейде де еңбек нарығының гендерлік ерекшеліктерінің проблемалары әлемдік қоғамдастықтың алдында өте өткір тұр. Таңдалған зерттеу тақырыбының өзектілігі гендерлік теңсіздіктің болуы өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің өзін-өзі тануы үшін тең емес мүмкіндіктерге әкелетіндігіне байланысты.

Бұл зерттеудің әдіснамалық тәсілдерінің негізін жүйелік талдау әдістерінің жиынтығы құрайды, атап айтқанда: аналитикалық, статистикалық, графикалық.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін аграрлық сектордағы кадрлар әлеуетін дамыту мен ауыл шаруашылығы саласындағы гендерлік тепе-теңдік мәселесін зерттеуге арналған отандық және шетелдік авторлардың еңбектері танылады. Сонымен қатар жұмыс барысында Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросының деректері кеңінен қолданылды.

Негізгі ережелер

Еңбек нарығын экономиканың даму деңгейін анықтайтын әлеуметтік-экономикалық категория ретінде сипаттауға болады, ол экономикалық ауытқуларға тәуелді және адам әлеуетінің даму деңгейін сипаттайды және халықтың әл-ауқатына әсер етеді [7].

Еңбек нарығындағы екі жыныстың өкілдері үшін тең емес мүмкіндіктердің себептерін, механизмдері мен салдарын қарастыруға мүмкіндік беретін гендерлік тәсілді қолданбай, еңбек нарығының проблемаларын жан-жақты зерттеу мүмкін емес.

Гендерлік рөлдер туралы дәстүрлі түсінік неғұрлым төмен болса, әйелдердің жұмысқа орналасу ықтималдығы соғұрлым төмен болады, олардың жеке табысы мен жұмыс табысы азаяды [8].

Әдебиетке шолу

Еңбек нарығымен байланысты мәселелерді зерттеу барысында әлемдік экономикалық ойлардың негізін қалаушы келесідей авторлардың еңбектерінің маңызы зор – М. Брейди, Г. Бэкер, Д. Гордон, Дж. Гэлбрейт, М. Вебер, Дж.М. Кейнс, Т. Мальтус, К. Маркс, А. Маршалл, А. Смит, Ж.Б. Сей. Қазақстан Республикасының соның ішінде аграрлық сектордағы еңбек нарығы мәселесімен кеңінен айналысқан келесідей авторларды да атап өтуге болады Г.А. Қалиев, М.Б. Кенжегузин, М.К. Мелдаханова, Ж.Қ. Корғасбаев, Х.Б. Жарекешев, Н.А. Омаров, С.К. Сураганова, Н.А. Апсалям, Н.К. Мамыров.

Қоғамдағы әйелдер мен ерлер арасындағы еңбек бөлінісінің әлеуметтік талдауы, оның себептерін түсіндіру және оның қазіргі қоғамдағы жарамдылығын бағалау К. Маркс, Ф. Энгельс, (марксистік тәсіл), Т. Парсонс, Р. Бэйлс (функционалистік тәсіл), Р. Коллинз (жанжалды тәсіл), Х. Хартманн, Р. Баррон және Г. Норрис (неомаркстық тәсіл) еңбектерінде кеңінен көрініс табады.

Әйелдердің еңбек нарығындағы әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайының әртүрлі аспектілері, әйелдердің нарыққа әлеуметтік бейімделу мәселелері, гендерлік бірегейліктің қалыптасуы мен трансформациясы келесідей отандық авторлардың еңбектерінде зерттелген К.Г. Габдуллина, Н.У. Шеденова, Ж.А. Нұрбекова, Р.Б. Сәрсембаева және т.б. [9–12].

Гендерлік теңсіздік мәселесін қарастырудың бірнеше жолдары бар. «Гендерлік экономика» жалпы терминімен гендерлік теңсіздік модельдері және оның себептері туралы көптеген әдебиеттер пайда болды. Бұл әдебиетте әзірленген негізгі тұжырымдамалардың бірі-жұмыс түрін, біліктілік деңгейін немесе басқа факторларды бақылауға дейін, немесе кейін ерлер мен әйелдердің жалақысы арасындағы орташа алшақтықпен өлшенетін гендерлік жалақы алшақтығы.

Нәтижелер мен талқылау

2022 жылдың 26 қарашасында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2023–2027 жж. арналған тұжырымдамасы туралы» жарлыққа қол қойды. Бұл өз кезегінде еліміздің аграрлық секторындағы туындаған мәселердің күрделлілігінің және ауылды аумақтарды дамыту мәселесінің тұрғылықты халық үшін маңызыдылығының белгісі деп таныймыз.

Өз кезегінде аграрлық сектордағы кадрлар әлеуетінің даму стратегиясы кадрлар әлеуетін құру мен қатар, резервтегі кадрлық ресурстар мен қызметкерлердің инвестициялық белсенділігіне де байланысты болып табылады. Сонымен қатар қаржылық жағдайдың шектеулілігіне байланысты белгілі бір өзгертулерді қабылдауға тура келеді [13].

Елдер бойынша нәтижелерді өлшеу және салыстыру үшін қолданылатын көрсеткіштер нәтижесінде Қазақстан халықаралық стандарттарға сәйкес гендерлік теңдік мәселелерінде алға жылжуда. Біріккен Ұлттар Ұйымының гендерлік даму индексі (ГДИ) ерлермен әйелдерді адами әлеуеттің негізгі 3 даму индекстері бойынша салыстырмалы талдау жүргізеді.

Атап айтқанда: денсаулық бойынша (ерлер мен әйелдердің күтілетін өмір сүру ұзақтығын есепке алады); білім деңгейі (жеке ерлер мен әйелдердің, сонымен қатар жастар мен 25 жастан жоғары тұлғалардың күтілетін білім алу ұзақтығымен өлшенеді); экономикалық ресурстарға деген бақылау (жан басына шаққандағы Жалпы ұлттық табыс деңгейімен әйелдер мен ерлер үшін жекелей есепке алынады) [14]. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес 2021 ж. Қазақстандағы ГДИ 2020 жылмен салыстырғанда 3,5%-ға жоғарлап, 0,441-ге тең болды.

Қазақстан Республикасының аграрлық секторындағы кадрлар әлеуетіне талдау жүргізбес бұрын, жалпы еңбек нарығындағы жағдайды гендерлік тепе-теңдік тұрғысынан қарастыру қажет деп есептейміз. Еңбек нарығындағы экономикалық қызметтер бойынша жұмыспен қымтылу бойынша ақпарат 1-кестеде (119 б.) берілген.

Кесте 1 – 2017–2021 жж. аралығындағы ҚР еңбек нарығындағы негізгі экономикалық қызметтер бойынша жұмыспен қамтылу, мың адам

Көрсеткіш	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021ж.
Экономикада жұмыспен қамтылған	8585,2	8695,0	8780,8	8732,0	8807,1
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	1319,0	1228,2	1184,7	1175,1	1176,4
Өнеркәсіп	1090,4	1097,8	1094,9	1089,2	1098,0
тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	283,7	286,2	279,9	276,9	277,9
өңдеу өнеркәсібі	581,6	580,5	583,6	581,8	585,6
электр энергиясымен, газбен, бу беру және ауаны кондиционерлеумен жабдықтау	151,0	150,6	150,2	149,0	150,1
сүмен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою жөніндегі қызмет	74,2	80,4	81,2	81,5	84,3
Құрылыс	614,0	629,1	635,6	630,9	641,4
Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	1334,9	1396,7	1431,1	1421,3	1451,9
Көлік және жинақтау	608,0	624,7	637,9	617,5	609,5
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	192,0	187,7	196,9	193,7	190,9
Ақпарат және байланыс	156,1	166,5	161,7	159,7	161,7
Қаржы және сақтандыру қызметі	175,0	180,3	190,5	189,0	184,9
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	162,5	157,6	154,5	158,4	168,4
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	239,1	248,9	256,4	254,7	247,3
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	279,7	288,3	292,3	285,5	287,5
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	479,3	500,5	495,3	489,3	484,1
Білім беру	1056,1	1095,8	1108,7	1109,5	1120,1
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	482,4	498,8	502,7	512,4	526,0
Өнер, ойын-сауық және демалыс	133,8	145,6	142,0	138,4	134,7
Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	263,0	248,6	295,8	307,5	324,4
Жұмыссыздардың саны, мың адам	442,3	443,6	440,7	448,8	449,6

Ескертпе: Кесте Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлармен құрастырылды.

Кестеде көрсетілгендей, 2017–2021 жж. аралығындағы ҚР еңбек нарығында жұмыспен қамтылған еңбек ресурстарының басым бөлігі келесі салаларға тиесілі:


- ◆ көтерме және бөлшек саудада сату, автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу – 16%;
- ◆ ауыл, орман және балық шаруашылығы – 13,9%;
- ◆ білім беру – 12,6%;
- ◆ өнеркәсіп – 12,5%.

Сәйкесінше ең аз еңбек ресурстарымен қамтылған салаларға төмендегілер жатады:

- ◆ сүмен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою жөніндегі қызмет – 0,9%;
- ◆ өнер, ойын-сауық және демалыс – 1,6%;
- ◆ электр энергиясымен, газбен, бу беру және ауаны кондиционерлеумен жабдықтау – 1,72%;
- ◆ жылжымайтын мүлікпен операциялар – 1,84%;
- ◆ ақпарат және байланыс – 1,85%.

Негізгі экономикалық қызметтердің басқа салалары бойынша жұмыспен қамтылғандардың үлесі 2–7% аралығын құрайды.

Өз кезегінде әлемдік еңбек нарығындағы дағдарыс әйелдердің жағдайына айтарлықтай әсер еткенін атап өту қажет. 2021 ж. олардың арасында жұмыспен қамту деңгейі 5%-ға қысқарды, ал ерлерде бұл көрсеткіш 3,9%-ды құрады. Көптеген әйелдер еңбек нарығынан кетіп, енді жұмыс істемейді. Пандемияға байланысты енгізілген оқшаулау режимінен туындаған әйелдердің қосымша үй міндеттері де дәстүрлі гендерлік рөлдерге қайта оралу қаупін тудырады. ҚР еңбек нарығындағы жұмыс күшінің құрылымы 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1 – Еңбек нарығындағы жұмыс күшінің құрылымы

Ескертпе: Сурет Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректері негізінде автормен құрастырылды.

Берілген мәліметтер негізінде ҚР еңбек нарығында ерлер басым екендігін байқай аламыз. Соңғы үш жыл ішінде еңбек нарығының гендерлік құрылымы тұрақты, ерлер мен әйелдер арасындағы алшақтық 2–4% құрайды деп айтуға болады.

Өз кезегінде соңғы жылдардағы ҚР еңбек нарығындағы ерлер мен әйелдер арасындағы жұмыссыздық көрсеткіштерінің сипаттамасын 2-кестеден көруімізге болады.

Кесте 2 – ҚР ерлер мен әйелдердің жұмыссыздық көрсеткіштерін талдау

Көрсеткіш	2019 ж.			2020 ж.			2021 ж.		
	жалпы	ерлер	әйелдер	жалпы	ерлер	әйелдер	жалпы	ерлер	әйелдер
Жұмыс күші, мың адам	9221,5	4739,7	4481,8	9180,8	4729,1	4451,7	9256,8	4756,6	4500,1
Халық санындағы жұмыс күшінің үлесі, %	70,1	76,3	64,6	69,2	75,5	63,7	69,3	75,4	63,9
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	8780,8	4535,4	4245,4	8732,0	4519,5	4212,5	8807,1	4554,9	4252,2
жалдамалы қызметкерлер, мың адам	6681,6	3443,0	3238,6	6686,7	3404,2	3282,5	6710,2	3414,1	3296,1
өз бетінше жұмыспен қамтылғандар, мың адам	2099,2	1092,4	1006,8	2045,4	1115,3	930,1	2096,9	1140,9	956,0


2-кесте жалғасы

Жұмыссыз халық, мың адам	440,7	204,3	236,3	448,8	209,6	239,2	449,6	201,7	247,9
Жұмыссыздық деңгейі, %	4,8	4,3	5,3	4,9	4,4	5,4	4,9	4,2	5,5
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, %	2,2	1,7	2,6	2,2	1,7	2,7	2,1	1,6	2,6

Ескертпе: Кесте Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлармен құрастырылды.

Жоғарыдағы кестедегі мәліметтерге назар салатын болсақ, еңбек нарығындағы әйелдердің ерлермен салыстырғанда жұмыссыздық деңгейі мен ұзақ мерзімді жұмыссыздық көрсеткіші жоғары болып табылатындығын көруге болады. Әйелдердің жұмыссыздық деңгейінің көрсеткіші ерлермен салыстырғанда 2019–2020 жж. шамамен 15%-дан артық болса, 2021 ж. алшақтық 23%-ға дейін жоғарылады. Өз кезегінде ұзақ мерзімді жұмыссыздық көрсеткіші бойынша әйелдер мен ерлер арасындағы айырмашылық деңгейі қалыпты теріс сипатқа ие (екі есе артық).

Ауылды аймақтарда жұмыспен қамтылған тұрғылықты халықтың басым бөлігі АӨК өнімдерін өндіру, мал шаруашылығы, егін шаруашылығы сияқты қызмет түрлерімен айналысады. Қазақстан Республикасы аграрлық секторының еңбек нарығында ауыл шаруашылығымен айналысатын халықтың жынысы бойынша бөлініс үлесін төмендегі 2-суреттен көруімізге болады.




Сурет 2 – 2012–2021 жж. аралығындағы жұмыспен қамтылған ауыл халқының ауыл шаруашылық саласындағы жынысы бойынша бөліністің үлесі (100% шаққанда)

Ескертпе: Сурет Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлармен құрастырылды.

2012–2021 жж. аралығындағы Қазақстан Республикасы ауылды жерлеріндегі еңбек нарығындағы жұмыспен қамтылған ауыл шаруашылық саласында жұмыс істейтін халықтың орташа шамамен 56,6% ерлер болып табылады, әйелдердің үлес салмағы ерлермен салыстырғанда 13,1% төмен деңгейде. Ерлермен әйелдер арасындағы айтарлықтай алшақтық талданатын жылдардың әр кезеңіне тиесілі болып келеді.

Ауылды жерлерде жұмыспен қамтылып, өндіріс және құрылыс саласымен айналысатын халықтың елеулі үлесі де ерлерге тиесілі (3-сурет).




Сурет 3 – 2012–2021 жж. аралығындағы жұмыспен қамтылған ауыл халқының өндірісте және құрылыс саласындағы жынысы бойынша бөліністегі үлесі (100% шаққанда)

Ескертпе: Сурет Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлармен құрастырылды.

Суреттен көріп отырғанымыздай, 2012–2021 жж. ауылды аймақтарының өндіріс және құрылыс саласында жұмыспен қамтылған халықтың орташа шамамен 77,3% ерлер болып табылады, аталған салада қызмет ететін әйелдердің үлес салмағы 23,3%. Бұл жағдай құрылыс және өндіріс саласының спецификалық ерекшелігі және әйелдер үшін аталған салада жұмыс істеудің физикалық тұрғыдан ауырлығымен түсіндіріледі.

Өз кезегінде ҚР аграрлық секторында жұмыспен қамтылған әйелдердің басым бөлігі қызмет саласында еңбек етеді. 2012–2021 жж. аралығындағы жұмыспен қамтылған ауыл халқының қызмет көрсету саласындағы жынысы бойынша бөліністегі үлесін 4-суреттен көруімізге болады.



Сурет 4 – 2012–2021 жж. аралығындағы жұмыспен қамтылған ауыл халқының қызмет көрсету саласындағы жынысы бойынша бөліністегі үлесі (100% шаққанда)

Ескертпе: Сурет Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлармен құрастырылды.

Ауылды жерлерде қызмет көрсету саласында жұмыспен қамтылғандар ішінде әйелдердің үлесі басым болып келеді – 53,8%, ерлердің үлесі 7,6%-дан төмен деңгейде. Осындай динамика 2013 жылдан 2021 ж. аралығында сақталуда. Тек 2012 ж. аграрлық сектордағы қызмет көрсету саласымен айналысатын ерлердің үлесі әйелдермен салыстырғанда жоғары болды (ерлер – 53,1%; әйелдер – 46,9%).

Еңбек нарығындағы орын алған жағдайды сипаттайтын бірде-бір көрсеткіш ретінде еңбек ресурстарының еңбекақы деңгейі болып табылады. ҚР еңбек нарығындағы экономикалық қызметтің негізгі түрлері бойынша кадрлардың алатын орташа еңбекақы деңгейі туралы ақпаратты 3-кестеден көруімізге болады.

Кесте 3 – 2017–2021 жж. аралығындағы экономикалық қызметтің негізгі түрлері бойынша кадрлардың орташа айлық жалақы деңгейі, тг.

Көрсеткіш	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Барлығы	150 827	162 673	186 815	213 003	250 311
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	91 084	97 929	115 371	130 178	150 705
Өнеркәсіп	214 189	234 168	260 538	285 521	327 090
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	341 775	371 637	415 584	450 809	503 930
Өңдеу өнеркәсібі	166 739	186 041	209 406	234 496	276 544
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	145 392	156 591	170 009	186 423	213 455
Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	101 921	112 287	123 377	131 072	154 587
Құрылыс	194 227	213 784	243 293	252 504	300 887
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	145 698	159 091	175 387	186 243	217 783
Көлік және қоймалау	193 579	210 822	229 848	252 955	292 124
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	140 070	149 040	156 503	184 065	206 349
Ақпарат және байланыс	221 748	235 410	262 261	291 254	340 545
Қаржы және сақтандыру қызметі	298 725	334 269	368 339	387 471	465 580
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	147 620	157 342	166 223	183 468	188 520
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	268 664	286 839	331 287	342 408	378 797
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	151 771	187 532	231 360	220 253	243 518
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	125 247	134 835	157 152	185 666	208 859
Білім беру	96 612	102 875	126 132	165 292	205 183
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	108 714	111 802	133 499	175 484	227 618
Өнер, ойын-сауық және демалыс	119 164	127 685	149 241	162 480	160 499
Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну	210 924	209 469	218 738	226 625	248 249
Ескертпе: Кесте Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлармен құрастырылды.					


Соңғы жылдары еліміздің еңбек нарығында орын алған жағдайға назар салатын болсақ, жыл сайын орташа айлық жалақы деңгейінің өсу динамикасы байқалады, 2019–2021 жж. өткен жылдармен салыстырғандағы өсім 14–17% жоғарлап отырды. Экономикалық қызметтің негізгі түрлері бойынша жалақы деңгейін қарастырсақ, ауыл, орман және балық шаруашылығы, электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер, өнер, ойын-сауық және демалыс, білім беру, мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, тұру және тамақтану бойынша қызмет, көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді

жөндеу сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау қызметтерін атқаратын еңбек ресурстарының орташа жалақы мөлшері еңбек нарығындағы жалпы орташа еңбек ақысына шаққандағы теріс сипатқа ие екендігін көруімізге болады. Аталған экономикалық қызмет түрлерінің біреуінде ауытқу 7–12% құрайтын болса, кейбір салалар бойынша 34–39% құрайды (ауыл, орман және балық шаруашылығы, сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау).

Өз кезегінде келесідей салаларда қызмет атқаратын жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа жалақы мөлшері республикалық деңгеймен салыстырғанда оң сипатқа ие: өнеркәсіп кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, көлік және қоймалау, ақпарат және байланыс, қаржы және сақтандыру қызметі, кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет, әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет, өзге де қызметтер түрлерін ұсыну. Аталған қызмет түрлерінің ішінен кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу және қаржы және сақтандыру қызметін ерекше атап атап өтуге болады. Аталған салалардағы еңбек ақы мөлшері республикалық деңгейден 2 есе артық.

2022 жылдың шілде айында әлемдік экономикалық форум аясында «Жаһандық гендерлік алшақтық–2022» есептілігінің презентациясы өтті. Аталған дректер негізінде Қазақстан Республикасы гендерлік тепе-теңдікті орнату бағыты бойынша жаһандық гендерлік алшақтық индексінің көрсеткішін жоғарлатып, 80-орыннан, 65-орынға орнықты. Егер біз еңбек нарығындағы гендерлік өкілдікті қолданыстағы электрондық еңбек шартымен қарастыратын болсақ (4,3 млн), әйелдер Қазақстандағы жоғары білікті мамандардың негізгі бөлігін құрайды. Алайда, басшылық лауазымындағы әйелдер мен ерлер ара қатынасы айтарлықтай төмен. Сондай-ақ біліктілігі жоқ еңбекпен айналысатын әйелдер саны ерлерге қарағанда айтарлықтай жоғары. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығындағы ерлердің әйелдерге қарағанда жоғары үстемдігі байқалады [15].

Қазақстан Республикасының еңбек нарығындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылғандардың ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі айтарлықтай маңызды орын алуда. Өз кезегімен, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың елеулі үлесі, шамамен 38% құрайды. Экономикалық қызмет түрлері бойынша ҚР еңбек нарығындағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың ауыл, орман және балық шаруашылығында жұмыс істейтін еңбек ресурстарының гендерлік құрлымы 5-суреттен көруге болады.



Сурет 5 – 2015–2021 жж. аралығындағы өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың ауыл, орман және балық шаруашылығы саласында жұмыс істейтін еңбек ресурстарының гендерлік сипаттамасы

Ескертпе: Сурет Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлармен құрастырылды.

Жоғарыдағы суретке назар салатын болсақ, ҚР еңбек нарығының ауыл, орман және балық шаруашылығы саласында өзін-өзі жұмыспен қамтыған ерлер саны 2015 жылдан бастап теріс динамикаға ие екендігін көруге болады. Айтарлықтай 2016 ж. ғана өзін-өзі жұмыспен қамтығандар 1 212 331 адамға жетіп, оң сипатқа ие болса, кейінгі жылдары аталмыш көрсеткіш 2015 жылғы деңгейге дейін де жетпеді (2021 ж. – 1 140 864 адам).

Өз кезегінде ауыл, орман және балық шаруашылығы саласында өзін-өзі жұмыспен қамтыған әйелдер саны 2015 жылдан 2019 ж. аралығында қалыпты оң динамикаға ие екендігіне көз жеткізуге болады. 2015 ж. ауыл, орман және балық шаруашылығында өзін-өзі жұмыспен қамтыған әйелдер саны 956 143 адамды құраса, 2016 ж. – 998 210, 2017 ж. – 971 883, 2018 ж. – 991 460, 2019 ж. – 1006 837 адамға тең болды. Тек 2020 және 2021 жж. ауыл, орман және балық шаруашылығы саласында өзін-өзі жұмыспен қамтыған әйелдер саны 2015 жылғы көрсеткішке дейін төмендегенін көруімізге болады. Ол COVID-19 әлемдік пандемиясының салдарымен байланыстырылады.

COVID-19 пандемиясы бүкіл әлемдегі әйелдер мен ерлер өміріне әсер етті. Коронавирустық дағдарыс – бұл денсаулық сақтау дағдарысы ғана емес, сонымен бірге еңбек нарығына ауыр зардаптары бар экономикалық дағдарыс [16].

ҚР-дағы экономикалық қызмет түрлері бойынша ерлер мен әйелдердің орташа сағаттық жалақысының динамикасы 4-кестеде көрсетілген.

Кесте 4 – 2021 ж. негізгі сабақтардың түрлері бойынша ҚР ерлер мен әйелдердің орташа сағаттық жалақысын талдау

Экономикалық қызмет түрі	ерлердің орташа сағаттық жалақысы, теңге	әйелдердің орташа сағаттық жалақысы теңге
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	787	739
Өнеркәсіп	1 796	1 402
Құрылыс	1 724	1 616
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу	1 317	1 188
Көлік және қойма	1 463	1 236
Тұру және тамақтану қызметтері	1 488	982
Ақпарат және байланыс	1 832	1 647
Қаржылық және сақтандыру қызметі	2 812	1 919
Жылжымайтын мүлікпен операциялар саласы	805	886
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	2 132	1 698
Әкімшілік және көмекші қызмет көрсету саласындағы қызмет	1 304	1 086
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	1 034	866
Білім саласы	1 022	1 138
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	1 262	1 112
Өнер, ойын-сауық және демалыс	843	766
Қызметтердің басқа түрлерін ұсыну	2 122	1 891
Орташа, сағаттық жалақы	1427	1 179
Ескертпе: Кесте Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлармен құрастырылды.		

Алынған мәліметтер негізінде жалпы ҚР-да әйелдердің орташа сағаттық жалақысы ерлерге қарағанда 17%-дан астам мөлшерге төмендегенін көреміз. Сонымен қатар, барлық талданған салалардың ішінде әйелдер тек екі салада ерлерге қарағанда үлкен жалақы алады: жылжымайтын мүлік операциялары және білім беру.

ҚР-дағы қызметтің барлық басқа салаларында ерлердің жалақысы әйелдердің жалақысынан асып түседі. Қаржылық және сақтандыру қызметі, тұрғын үй және тамақтану қызметтері сияқты жекелеген санаттарда ерлердің орташа сағаттық жалақысынан асып кету 30%-дан асады.

Қорытынды

Еңбек нарығындағы гендерлік теңсіздік проблемалары қазіргі қоғамға тән екендігі анықталды. Мұндай мәселелерді шешудің маңыздылығын көптеген академиялық және қолданбалы зерттеулер дәлелдейді. Осы зерттеулердің нәтижелері ерлер мен әйелдер үшін еңбек нарығындағы тең мүмкіндіктер қоғамның үйлесімді дамуының, ЖІӨ өсуінің және халықтың әлауқатының негізі болып табылатынын көрсетеді.

ҚР Еңбек нарығының гендерлік құрылымына жүргізілген талдау нәтижесі нарыққа тән ерлердің еңбек нарығында басымдығы, сол салада жұмыс істейтін әйелдермен салыстырғанда ерлердің еңбегіне ақы төлеу анағұрлым жоғары болып табылатынын, алшақтық шамамен 20%-ды құрайтынын, бірақ кейбір салаларда 30%-дан астамды құрайтынын көрсетті. Бұл үрдістер Әлемдік еңбек нарығына да тән. Қазақстан Республикасының аграрлық секторындағы жұмыспен қамтылған әйелдердің елеулі үлес салмағы сауда саласына тиесілі болса, ерлер аграрлық сектордың өндіріс, ауыл шаруашылық өнімін шығару салаларында басымырақ қамтылған.

Қазіргі әлемде көптеген әйелдер дәстүрлі стереотиптер мен әлеуметтік тыйымдарды бұзады және өмірдің барлық салаларында жетекші орынға ие болып, әлемдік ЖІӨ құруға белсенді үлес қосады. Кез-келген адамның өзін-өзі жүзеге асыруы үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету бағытындағы қозғалыс ХХІ ғасырдағы қоғам дамуының жалғыз дұрыс бағыты болып табылады. Өкінішке орай, қазіргі қоғам гендерлік кемсітушілік мәселелерін шешуде мәре сызығына әлі жақындаған жоқ. Мәселен, қазіргі экономикалық және әлеуметтік жағдайларды ескере отырып, еңбек нарығындағы гендерлік теңсіздікті еңсеру үшін әрбір нақты адамнан бөлім басшысына, компанияға, корпорацияға және мемлекетке дейінгі әлеуметтік саясатта, заңнамалық актілерде және адамдардың санасында бірқатар елеулі өзгерістер қажет.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Зерттеуді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті КЕАҚ қаржыландырды (келісім шарт № 10, 11.02.2022 ж.).

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Sexsmith K., Smaller C., Speller W. How to Improve Gender Equality in Agriculture // International Institute for Sustainable Development. May 2017. URL: <https://www.iisd.org/publications/brief/how-improve-gender-equality-agriculture-investment-agriculture-policy-brief-5>

2 By Adriana Ignaciuk, Nilar Andrea Chit Tun. Achieving agricultural sustainability depends on gender equality // International Food Policy Research Institute. URL: <https://www.ifpri.org/blog/achieving-agricultural-sustainability-depends-gender-equality> (accessed: October 23, 2019).

3 Farhall K., Rickards L. The “Gender Agenda” in Agriculture for Development and Its (Lack of) Alignment With Feminist Scholarship // Frontiers in Sustainable Food Systems, Sec. Social Movements, Institutions and Governance. February 2021. URL: <https://doi.org/10.3389/fsufs.2021.573424>

4 Iversen T., McCall Rosenbluth F., Skorge O. The Dilemma of Gender Equality: How Labor Market Regulation Divides Women by Class // An open access publication Of the American Academy of arts & sciences. 2020. URL: <https://www.amacad.org/publication/dilemma-gender-equality-how-labor-market-regulation-divides-women-class>

5 Elson D. Labor Markets as Gendered Institutions: Equality, Efficiency and Empowerment Issues // World Development. Volume 27. Issue 3. March 1999. P. 611–627. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0305750X98001478>

6 Bennetta P., Ravettib C., Wongc Po Yin. Losing in a boom: Long-term consequences of a local economic shock for female labour market outcomes // Labour Economics. Volume 73. December 2021. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0927537121001159>

7 Гендерное исследование: как в Казахстане реализуется политика в отношении женщин и мужчин // Zakon.kz. Retrieved. May 29, 2022. URL: <https://www.zakon.kz/4872564-gendernoe-issledovanie-kak-v-kazahstane.html>

8 Chuanchuana Z., Jingwen W. Gender roles and women’s labor market outcomes // China Economic Quarterly International. Volume 1. Issue 2. June 2021. P. 97–108. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2666933121000174>

- 9 Габдуллина К.Г. Социология и социальная жизнь. – Алматы: Ғылым, 1996.
- 10 Шеденова Н.У. Институционализация социально-трудовых отношений в Республике Казахстан: гендерные аспекты // Автореф. док. социол. н. – Алматы, 2008.
- 11 Нурбекова Ж.А. Социологический анализ женского предпринимательства в Казахстане // Автореф. канд. социол. н. – Алматы, 2000.
- 12 Сарсембаева Р.Б. Гендерные аспекты предпринимательства // Мысль – 2004. – № 1. – С. 67–72.
- 13 Кожевникова Н.Н. Основы экономики и управления // Под ред.: Н.Н. Кожевникова. – М. Academia, 2007. – 272 с.
- 14 Казахстан: страновая гендерная оценка // Азиатский банк развития. – Декабрь, 2018. ISBN 978-92-9261-552-9 (печатная версия), 978-92-9261-553-6 (электронная версия). Номенклатурный номер публикации №TCS190051-2. DOI: <http://dx.doi.org/10.22617/TCS190051-2>
- 15 Казахстан сокращает разрыв в гендерном неравенстве // Отчет Департамента стратегии Центра развития трудовых ресурсов. – Июль, 2022 г. URL: <https://iac.enbek.kz/ru/node/1359>
- 16 Profeta P. Gender Equality and the COVID-19 Pandemic: Labour Market, Family Relationships and Public Policy // *Intereconomics Review of European Economic Policy*. Volume 56. Number 5. 2021. URL: <https://www.intereconomics.eu/contents/year/2021/number/5/article/gender-equality-and-the-covid-19-pandemic-labour-market-family-relationships-and-public-policy.html>

REFERENCES

- 1 Sexsmith K., Smaller C., Speller W. (2017) How to Improve Gender Equality in Agriculture // International Institute for Sustainable Development. May. URL: <https://www.iisd.org/publications/brief/how-improve-gender-equality-agriculture-investment-agriculture-policy-brief-5>. (In English).
- 2 By Adriana Ignaciuk, Nilar Andrea Chit Tun. (2019) Achieving agricultural sustainability depends on gender equality // International Food Policy Research Institute. URL: <https://www.ifpri.org/blog/achieving-agricultural-sustainability-depends-gender-equality> (accessed: October 23). (In English).
- 3 Farhall K., Rickards L. (2021) The “Gender Agenda” in Agriculture for Development and Its (Lack of) Alignment With Feminist Scholarship // *Frontiers in Sustainable Food Systems, Sec. Social Movements, Institutions and Governance*. February. URL: <https://doi.org/10.3389/fsufs.2021.573424>. (In English).
- 4 Iversen T., McCall Rosenbluth F., Skorge O. (2020) The Dilemma of Gender Equality: How Labor Market Regulation Divides Women by Class // An open access publication Of the American Academy of arts & sciences. URL: <https://www.amacad.org/publication/dilemma-gender-equality-how-labor-market-regulation-divides-women-class>. (In English).
- 5 Elson D. (1999) Labor Markets as Gendered Institutions: Equality, Efficiency and Empowerment Issues // *World Development*. Volume 27. Issue 3. March. P. 611–627. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0305750X98001478>. (In English).
- 6 Bennetta P., Ravettib C., Wongc Po Yin. (2021) Losing in a boom: Long-term consequences of a local economic shock for female labour market outcomes // *Labour Economics*. Volume 73. December. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0927537121001159>. (In English).
- 7 Gendernoe issledovanie: kak v Kazahstane realizuetsja politika v otnoshenii zhenshin i muzhchin [Genus research: how to counsel women and men is implemented in Kazakhstan] // *Zakon.kz*. Retrieved. May 29, 2022. URL: <https://www.zakon.kz/4872564-gendernoe-issledovanie-kak-v-kazahstane.html>. (In Russian).
- 8 Chuanchuana Z., Jingwen W. (2021) Gender roles and women’s labor market outcomes // *China Economic Quarterly International*. Volume 1. Issue 2. June. P. 97–108. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2666933121000174>. (In English).
- 9 Gabdullina K.G. (1996) Sociologija i social'naja zhizn' [Sociology, and social life] // Алматы: Ғылым, (In Russian).
- 10 Shedenova N.U. (2008) Institucionalizacija social'no-trudovyh otnoshenij v Respublike Kazahstan: gendernye aspekty [Institutionalization sociales et labor relations in Republic Kazakhstan: genus aspects] // Автореф. док. социол. н. Алматы. (In Russian).
- 11 Nurbekova Zh.A. (2000) Sociologicheskij analiz zhenskogo predprinimatel'stva v Kazahstane [Sociological analysis of women's entrepreneurship in Kazakhstan] // Автореф. канд. социол. н. Алматы. (In Russian).
- 12 Sarsembaeva R.B. (2004) Gendernye aspekty predprinimatel'stva [Gender aspects of entrepreneurship] // *Мысль*. No. 1. P. 67–72. (In Russian).
- 13 Kozhevnikova N.N. (2007) Osnovy jekonomiki i upravlenija [Fundamentals of Economics and Management] // Под ред.: N.N. Kozhevnikova. M. Academia. 272 p. (In Russian).

14 Kazakhstan: stranovaja gendernaja ocenka // Aziatskij bank razvitija. – Dekabr', 2018. ISBN 978-92-9261-552-9 (pechatnaja versija), 978-92-9261-553-6 (jelektronnaja versija). Nomenklaturnyj nomer publikacii №TCS190051-2. DOI: <http://dx.doi.org/10.22617/TCS190051-2>. (In Russian).

15 Kazakhstan sokrashhaet razryv v gendernom neravenstve // Otchet Departamenta strategii Centra razvitija trudovyh resursov. – Ijul', 2022 g. URL: <https://iac.enbek.kz/ru/node/1359>. (In Russian).

16 Profeta P. (2021) Gender Equality and the COVID-19 Pandemic: Labour Market, Family Relationships and Public Policy // Intereconomics Review of European Economic Policy. Volume 56. Number 5. URL: <https://www.intereconomics.eu/contents/year/2021/number/5/article/gender-equality-and-the-covid-19-pandemic-labour-market-family-relationships-and-public-policy.html>. (In English).

К.С. АЛПЫСБАЕВ,*¹

PhD.

*e-mail: alpysbayev_kuan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-2644-2651

А.А. МУХАМАДИЕВА,²

к.э.н., ассоциированный профессор.

e-mail: ai-m77@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3775-1863

А.К. ОРАЗГАЛИЕВА,³

PhD, ассоциированный профессор.

e-mail: arailymk78@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4601-3865

¹Институт Сорбонна-Казахстан

НАО «Казахский национальный

педагогический университет имени Абая»,

г. Алматы, Казахстан

²Американский свободный университет,

г. Усть-Каменогорск, Казахстан

³НАО «Университет имени

Шакарима города Семей»,

г. Семей, Казахстан

КАДРОВЫЙ ПОТЕНЦИАЛ В АГРАРНОМ СЕКТОРЕ: ГЕНДЕРНЫЙ АСПЕКТ

Аннотация

Аграрный сектор Республики Казахстан как важнейшая отрасль экономики страны является ключевым элементом системы национальной безопасности, обеспечивающей продовольственную безопасность населения. Сейчас в аграрном секторе много серьезных проблем. Население, проживающее в сельских районах, и сельское население с энтузиазмом относится к переезду в города. Причинами этого являются низкое качество жизни сельского населения и неудовлетворительное состояние инфраструктуры в сельской местности, низкий уровень интереса со стороны сельской молодежи к тому, чтобы стать участником рынка труда в аграрном секторе, проблема уровня оплаты труда кадров в сельских регионах и т.д. Данные структурные проблемы привели к снижению показателя отдачи аграрного сектора по отношению к экономике страны. Считаем, что одним из важнейших путей повышения производительности труда в аграрном секторе являются мероприятия, направленные на повышение кадрового потенциала сельских регионов. Независимо от того, что мы живем в век технологического прогресса, основным элементом рынка труда являются трудовые ресурсы. Целью статьи является гендерная оценка кадрового потенциала аграрного сектора. Если обратить внимание на структуру кадрового потенциала на рынке труда, то на большей части производств сельских регионов работают граждане мужского пола. Причиной этого являются специфические особенности производственной сферы сельского хозяйства (высокая трудоемкость рабочего процесса, ненормированные графики работы и т.д.). Однако в настоящее время наблюдается также низкая тенденция к увеличению числа женщин, занятых в качестве управленческого персонала производственных предприятий аграрного сектора или занятых видами деятельности, не связанными непосредственно с производством аграрной продукции.

Ключевые слова: экономика, аграрный сектор, кадровый потенциал, трудовые ресурсы, гендерный баланс.

K.S. ALPYSBAEV,*¹

PhD.

*e-mail: alpysbayev_kuan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-2644-2651

A.A. MUKHAMADIYEVA,²

c.e.s., associate professor.

e-mail: ai-m77@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-3775-1863

A.K. ORAZGALIEVA,³

PhD, associate professor.

e-mail: arailymk78@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4601-3865

¹Sorbonne-Kazakhstan Institute of Abai University
PNPO «Abai Kazakh National Pedagogical University»,
Almaty, Kazakhstan

²American Free University,

Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

³PNPO «Semey Shakarim University»,
Semey, Kazakhstan

HUMAN RESOURCE POTENTIAL IN AGRARIAN SECTOR: GENDER ASPECT

Abstract

The agrarian sector of the Republic of Kazakhstan as the most important branch of the country's economy is a key element of the national security system that ensures food security of the population. Now there are many serious problems in the agricultural sector. The population living in rural areas is enthusiastic about moving to cities. The reasons for this are the low quality of life and the poor state of infrastructure in rural areas, as well as the low level of interest in the agricultural sector among rural youth and low wages. These structural problems have led to a decrease in the share of the agricultural sector in the country's economy and have resulted in many agricultural products being imported from neighboring countries to meet the level of demand for food. In turn, we believe that one of the most important ways to increase labor productivity in the agricultural sector is measures aimed at improving the human resource capacity of rural areas. Regardless the level of technological advancement the world around us is, the main element of the labor market is the workforce. The aim of the article is a gender assessment of human resources potential of the agricultural sector. If to pay attention to the structure of human resources potential in the labor market, the majority of industries in rural regions employ male citizens. The reason for this is the specific features of the agricultural production sector (high labor intensity of the working process, irregular working hours, etc.). However, at present there is also a low tendency to increase the number of women employed as managerial personnel in the production enterprises of the agrarian sector or engaged in activities not directly related to the production of agrarian products.

Key words: economy, agricultural sector, human potential, labor resources, gender balance.